ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 17 тамыздағы № 2713-23-00-2/1838 іс Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Журабаев Б.Ш.
сот отырысының хатшысы А.Сарсенованың қатысуымен,
алдын-ала сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП КОЮШЫ: Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР: «Maktaaral media group» - Аязбеков Дәулет Анарбекұлы жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талапкер өкілі Савгабаева А.
жауапкер Аязбеков Д.А.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

10 қараша 2022 жылы талапкер Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тапсырыс беруші, Мекеме) мен «Maktaaral media group» - Аязбеков Дәулет Анарбекұлы жеке кәсіпкері (өнім беруші, Кәсіпкер) арасында № 80 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (одан әрі – шарт) жасалған.

Келісім-шартқа сәйкес, өнім беруші барлығы 690 000 теңгеге БҚО мемлекеттік архивінің сайтын жаңа форматқа ауыстыру/құру бойынша

жұмыстар жүргізуге міндеттенген.

Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі – шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде деп белгіленген.

Өнім беруші бүгінгі күнге дейін шарт талаптарын орындамаған.

Өнім берушімен шартпен көзделген міндеттемелердің орындалмауына байланысты мекеме оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабымен сотқа жүгінген.

Талап арызға қарсылық жауапкерден сотқа түспеді.

Талапкер өкілі Савгабаева А. сот отырысында талап арыздың уәждерін қолдап, соттан талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер Аязбеков ДА. сот отырысында талап арызбен келіспей, қанағаттандырудан бас тартуды сұрады және мекеменің ресми-веб сайты жасалғанын, алайда жаңа форматтағы сайтқа бұрынғы форматтағы сайттың материалдарын көшіру үшін ескі сайттың серверінің логин-паролін тапсырыс беруші үшінші тарапқа сілтеп, алып бермегенін атап өтті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңының (одан әрі – Заң) 12-бабының 4-бөлігінің 3-тармағына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта анықталғанындай, жауапкермен мекеменің сайтын жаңа форматқа ауыстыру/құру бойынша шарттық міндеттемелер бүгінгі күнге дейін толық орындалмаған.

Шарттық міндеттемелерді орындамаудың орынды себептері жауапкермен ұсынылмаған.

Жауапкердің тапсырыс беруші ескі сайттың серверінің логин-паролін бермеген, сондықтан жұмысты толық аяқтауға кедергі болды деген уәжі негізсіз болып табылады, себебі, тараптарың «WhatsApp» мессенджері арқылы хат алмасуынан көрініп тұрғандай (30-31 беттер) тапсырыс беруші жауапкерге логинмен парольді жазған, яғни ұсынған.

Алайда, логинмен парольді алғанымен, жауапкер шарт талаптарын тиісті түрде орындамаған.

Құжатқа қол қойылған: Жұрабаев Б. Ш., 18.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Бекенов Е. Р., 20.09.2023

2713-23-3-6/116

Сондықтан, сот, талапкердің жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, төлеуден талап қоюшы босатылған мемлекеттік баж сот шығындарын төлеуден босатылмаған жауапкерден мемлекет кірісіне өндіріліп алынады. Осыған орай, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 725 теңге мөлшеріндегі мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ :

Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Maktaaral media group» - Аязбеков Дәулет Анарбекұлы жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Maktaaral media group» - Аязбеков Дәулет Анарбекұлы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Maktaaral media group» Аязбеков Дәулет Анарбекұлы жеке кәсіпкерінен (ЖСН 971129300646) мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Сот шешіміне апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты осы сот шешімі түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап, ал сот отырысына қатыспаған тұлғалар, оларға сот шешімінің көшірмесі жолданған күннен бастап бір айдың ішінде БҚО мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Журабаев Б.Ш.**

Құжатқа қол қойылған: Журабаев Б. Ш., 18.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Бекенов Е. Р., 20.09.2023